



## ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

### № 1 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

**Базалық мөлшерлемені 9,25% деңгейде сақтау туралы**

2019 жылғы 14 қаңтар

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені пайыздық мөлшерлемелердің +/-1 п.т. өзгермейтін дәлізімен 9,25% деңгейде сақтау туралы шешім қабылдады.

Жылдық инфляция нысаналы бағдарға сәйкес деңгейде қалыптасуын жалғастырып отыр. 2018 жылғы желтоқсанда инфляция 5-7% нысаналы дәліздің төменгі шегіне жақын деңгейде қалыптасты. Экономикалық белсенділікті біртіндеп қалпына келтіру аясында инфляцияны нысаналы дәліздің шегінен тыс жібермеу Ұлттық Банк үшін басым міндет болып табылады. Базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі едәуір күйзелістер болмағанда 2019 жылдың соңында 4-6% жаңа нысаналы дәліздің ішінде инфляцияның қалыптасуына ықпал ететін болады.

Базалық мөлшерлеме бойынша одан әрі шешімдер нақты инфляцияның серпініне, оның болжамдық мәндеріне және тәуекел сценарийлерін іске асыру дәрежесіне орай қабылданатын болады. Негізгі шикізат нарықтарында нақты құбылмалылық сақталған кезде ол ішкі қаржы нарығындағы тұрақтылықты төмендетеді, ақша-кредит саясатын қатаңдату туралы шешім базалық мөлшерлеменің деңгейін кейіннен қарау кезінде қабылдануы мүмкін.

**Жылдық инфляция** 2018 жылдың соңында 5,3%-ды құрады. Тұтынушылық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің барлық негізгі топтары бағаларының қалыпты өсуі тіркелді. Бағалардың ең көп өсуі азық-түлік емес тауарлар бойынша байқалды (жылдық көрсеткіш бойынша 6,4%); азық-түлік тауарлары (5,1%-ға өсті) және ақылды қызмет көрсету (4,5%-ға өсті) бағаларының өсуі жалпы инфляциядан төмен деңгейде қалыптасты.

Бұл ретте базалық инфляция желтоқсанда жалпы инфляциядан жоғары қалыптасып, 6,7%-ды құрады (2017 жылғы желтоқсанда 6,2%), бұл мұнай бағасының құбылмалылығына және сол сияқты ағымдағы жылы фискалдық ынталандырумен нығаятын ішкі сұраныстың жеделдеуіне байланысты жалпы инфляциялық аяның сақталуын раставиды.

Сонымен қатар, 2019 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банк инфляцияның жаңа, неғұрлым төмен 4-6% дәлізінің, жоғарғы жартысында, яғни 5-6% аралығында сақталатынын күтеді.

**Инфляциялық күтулер** айтарлықтай төмендеді. 2018 жылғы қарашада және желтоқсанда 12 ай алдағы уақытта күтілетін инфляцияның мәні тиісінше 5,3% және 5,0% болды (қыркүйек-қазандағы 6,4%-дан және 6,3%-дан кейін). Ағымдағы кезеңде инфляциялық күтулердің осы деңгейде жақын белгіленуі және олардың қысқа мерзімді перспективада орнықтылығының артуы Ұлттық Банктің маңызды міндепті болып қалады.

**Сыртқы секторда** мұнай бағасының құбылмалылығы байқалады. Олардың алдыңғы жылдың қазан-желтоқсанында алдыңғы бір жарым жылдағы ең төменгі мәндерге (бір баррель үшін 50,47 АҚШ долларына) дейін төмендеуінен кейін, қаңтарда олар бір баррель үшін 60 АҚШ долларынан жоғары деңгейге дейін оралды. Соған қарамастан, бұдан былайғы перспективаларға қатысты айтарлықтай белгісіздік сақталуда, бұл қысқа мерзімді, сол сияқты орта мерзімді перспективада тәуекелді сценарийлерді іске асыру үшін әлеуетті туындалады.

Сонымен қатар сыртқы инфляциялық аяның қүшесінің байқалады. Негізгі сауда әріптерінде Ресейдегі нақты жылдық инфляция нысаналы көрсеткіштен жоғары қалыптасуда, ағымдағы жылы оның бұдан әрі жылдамдатылуын бағалау, Ресей импорттың жоғары үлесін ескере отырып, Қазақстанның ішкі бағаларына проинфляциялық қысым үшін әлеуетті қалыптастырады.

**Ішкі секторда** ахуал алдыңғы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда қаңтар-қарашада халықтың нақты ақша табыстарының 4,4%-ға өсүі аясында ішкі сұраныстың кеңеюімен сипатталуын жалғастырып отыр. Тұтынушылық кредиттеу көлемдерінің өсүі шамалы баяулады және қарашада жылдық көрсеткіште 11%-ды құрады.

**Макроэкономикалық көрсеткіштердің ағымдағы серпіні ақша-кредит талаптарын** бейтарап деңгейге жақын сақтап қалуға мүмкіндік береді. Бейтарап саясат инфляция бойынша нысаналы бағдарларға қол жеткізу мен экономикалық өсуді әлеуетті деңгейлерге жақын қолдау арасындағы теңгерімді сақтауға бағытталған.

Базалық мөлшерлеме бойынша бұдан былайғы шешім ішкі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамды серпіні мен сыртқы нарықтардағы жағдайға байланысты болады. Негізгі өлшемшарттардың бірі 2020 жылдың соңына 4%-дық инфляция бойынша мақсатқа қол жеткізу **қажеттілігі** болып отыр. Әлемдік мұнай нарығының ағымдағы құбылмалылығының ішкі қаржы нарығының көрсеткіштеріне әсері сақталған жағдайда ақша-кредит саясатын қатаңдату туралы шешім базалық мөлшерлеменің деңгейін келесі қаруа кезінде қабылдануы мүмкін.

Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2019 жылғы 4 наурызда Астана үақытымен сағат 17:00-де жарияланады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуда болады:  
+7 (727) 270 45 85  
+7 (727) 3302 497  
e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)